

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

Программное обеспечение для управления инновационной деятельностью. Существует множество программных продуктов, которые помогают организациям управлять своей инновационной деятельностью. Такие программы могут включать в себя функции управления проектами, управления идеями, организации коллаборации. [7].

Список использованных источников

1. Вест, Дж., & Боджерс, М. Использование внешних источников инноваций: обзор исследований открытых инноваций// Журнал управления инновациями продукта, 2017, 559–574.
2. Велюрова, Ю. А. Открытые инновации в России и за рубежом. Инновации, 2015, 42–48.
3. Бунеева, Е. М., & Северилова, Е. В. (2019). Открытые инновации как инструмент повышения конкурентоспособности организации. Маркетинг и маркетинговые исследования, (4), 191-201.
4. Беляева, Н. М. Открытые инновации: экономические, социальные и правовые аспекты [Текст] / Н. М. Беляева // Экономические науки. – 2013. – № 10 (109). – С. 77–80.
5. Официальный сайт Innovation Development Centre: <https://www.idc.sg/>
6. Абрамова, И. Л. (2018). Инновационная модель Республики Сингапур [Innovative model of the Republic of Singapore]. Известия Южного федерального университета. Технические науки, 198(2), 13-21.
7. Шамаева, А. (2017). Открытые инновации как метод развития бизнеса. Мир науки и практики, (2), 50-56.

УДК 33

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУ

МӘСЕЛЕСІ

Қали Р.Қ.

Магистрант

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Астана қ, Қазақстан Республикасы)*

Әбенев Е.М.

PhD, доцент ғылыми жетекші

Андатпа. Тәуелсіз Қазақстан Республикасында нарықтық экономиканы қалыптастырып, оны нығайтудағы басты фактор мемлекеттік бюджет болып табылады. Даму жолында нарықтық экономиканы таңдаған кез-келген мемлекеттің тәуелсіздігі мен тұрақтылығы берік болуы үшін қаржы көзінің болуы міндетті. Мемлекет бюджетіне тұрақты қаржы көзә - салық жүйесі екені белгілі. Сонымен қатар салықтар экономикалық және құқықтық категория ретінде қарама қайшылығы көп, өте күрделі жүйе. Кез-келген өндіріс барысына зор ықпал етіп, сонымен қатар экономика дамуының негізгі факторы болып табылады.

Салық - мемлекеттің саясатын, соның ішінде экономикалық саясатын жүзеге асыру үшін маңызды құрал. Әсіресе бұл басқарудың әкімшіл – әміршіл әдісінен экономиканы мемлекеттік реттеудің нақты тетігі ретінде салықтардың экономикалық процестерге әсері арқылы нарықтық қатынастарға өтуі барысында айқын көрінеді. Салық салу қазіргі уақытта қоғам дамуының құрамдас бөлігі болып табылады. Салықтар тек фиксалдық функцияға ие емес, әлеуметтік мәселелерді шешуге ықпалын күшейтетін реттеуші функцияға да ие. Бұл

функциялардың маңыздылығы салықтан түскен қаржы көздерін халықты қаржылай қолдау құралы ретінде қолданатын дамыған елдердің тәжірибелерімен айқындалады.

Тірек сөздер: салық, бюджет, нарық, салық салу, фискалдық салық, республикалық бюджет, салық түрлері.

Зерттеу әдістері. Зерттеу барысында талдау, синтез, салыстыру, абстракцияны нақтылау, модельдеу әдістері қолданылды.

Зерттеудің мақсаты. Салықтардың маңыздылығын түсіну. Салықтың нарықтық экономикадағы рөлін талдау.

Кіріспе. Кез-келген мемлекеттің көлемі, географиялық орналасуы, даму деңгейі сол мемлекет үшін қаншалықты маңызды болса, қаржылық база қалыптастыру да соншалықты маңызға ие. Тұрақты әрі сенімді қаржылық база қалыптастыра алған мемлекет азаматтарының сеніміне ие болып, даму жолына түсе алады. Басқаша айтқанда мемлекеттегі әртүрлі қалыпты және тосыннан болған функцияларды орындау кезінде туындайтын шығындарды қамтамасыз ете алғанда ғана еркін дамиды. Мемлекеттің ақшаны іздеу және қаржы қызметін қалыптастыру осы қызметтердің мазмұнын құрайды. Оны басқаша «мемлекеттік қаржы қорларын құру» немесе «мемлекеттің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажетті қаражатты жұмылдыру» деп атайды.

Әлемде салық жүйесінің жүздеген түрі бар. Олардың ішінен мінсіз жүйені таңдап алу мүмкін емес. Әрқайсының өзіне тән артықшылықтары, кемшіліктері болады. Осы жерде ескеретін басты фактор мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық жағдайы сол мемлекеттегі салық жүйесінің ұтымдылығы мен тиімділігіне тікелей байланысты. Бірақ көптеген жағдайларды бақылау нәтижесінде мемлекет қаржыны жұмылдыруға қатты назар аударып, кәсіпкерлерді яғни мемлекет қазынасына салықтың басым бөлігін төлеушілерді ұмыт қалдырады.

Атап айтсақ, корпоративтік табыс салығын төлеушілердің үлесі, барлық салық алымдарының 25% құрайды. Алайда кәсіпкерлерден салықты көбірек өндіру сол кәсіпорынның жағдайына кері әсер етеді. Нормадан асып кеткен салық аударымдарын жасауға мәжбүрлеген кезде кәсіпорында қаржылық мәселе пайда болады. Жаңа техника сатып алу және өндірісін кеңейту мүмкіндіктерінен айырылады. Бұның салдары кәсіпорындардың кірістерін жасырып көрсетуіне, екі жақты есеп жүргізуге мәжбүрлейді. Осының нәтижесінде мемлекет қазынасында қаражат тапшылығы туындайды. Жоғарыдағы деректерді ескерсек бұл мәселе мемлекеттің шектен тыс салық өндіру әрекетіне байланысты туындап отыр. Кезегінде бұл мәселенің салдары-мемлекеттің экономикалық жағдайының нашарлуына әкеліп соғады [1].

Нарықтық қатынас жағдайында, атап айтқанда нарыққа өту кезеңінде салық жүйесі-басты экономикалық реттеуші. Сонымен қатар экономиканы мемлекеттік реттеудің қаржылық-несиелік механизмінің негізі ретінде қарастырылады. Бір мемлекеттік тұтастай экономикасы тиімді жұмыс істеуі салық жүйесінің дұрыс әрі тиімді жұмыс істеуіне байланысты.

Талдау. Мемлекеттік экономиканы басқаруды оңтайландырудың құрамдас бөлігі мемлекеттік салық жүйесін жоспарлау мен басқарудың ұйымдастырушылық-экономикалық механизмдері мен әдістерін жаңарту және түзету болып табылады.

Экономиканың шикізаттық емес секторлары оның ішінде орта және шағын кәсіпкерлік субъектілеріне арналған салық жүктемелерін қысқарту туралы мәселе көтерді. Ал осы үрдіс барысында пайда болатын шығындар өндіруші секторлардың экономикалық табысты арттыруы негізінде жабылуы тиіс.

Салық жүйесіне әртүрлі теориялық көзқарастардың өзгеруі тек теорияның салдары емес. Аталған теория әлемнің барлық дерлік озық елдерінің салық жүйесі мен фискалдық саясатының дамуына айтарлықтай әсер етеді.

Көптеген пікірлерде, белгілі бір салық жүйесін қалыптастырудың бірінші қадамы мемлекеттің пайда болуы екіншіден, мемлекет қазынасына жасалынатын аударымдарды ақшалай сипатта қарастыру қажеттілігі туғандықтан, «салық» категориясы деп тұжырым жасауға болады. Оның негізгі белгілері қазіргі заманға сай түсінуде, мемлекеттегі тауар-ақша айналымының даму кезеңінде ғана туындайды деуге болады.

Мемлекет немесе қоғам дамуының алғашқы кезеңінде салық жүйесінің тек прототипі туралы айтуға болады. Біздер табыс салығын (атап айтқанда корпоративтік табыс салығы немесе табыс салығы) тікелей салық салудың ең соңғы тарихи нысаны деп атасақ болады. Осы санаттағы кірістердің көбі дәстүрлі түрде салық алымдарынан түседі; 65,6% немесе 5,5 трлн теңге, онымен қоса жылына айтарлықтай мөлшерде 29,3%.

Соның ішінде құн салығы – 1,5 трлн теңге, жыл сайын 24% корпоративтік табыс салығы-1,3 трлн теңге, қосамыз 35,6%, жеке табыс салығы -641,3 млрд тг, қосамыз 17% әлеуметтік салықтар-467,4 млрд теңге, қосамыз 11,8% млрд, акциздер-254,4 млрд теңге, қосамыз 6%.

Салықтық түсімдердің ішіндегі ең көп үлес қосылған құн салығы -38%, корпоративтік табыс салығы -31% болса, жеке табыс салығы 14%, ал әлеуметтік салық 11%, акциздер 6%- ды құраған. 2022 жылға арналған бюджетке түсетін кірістер 8651742,6 млн. теңге сомасында жоспарланған. 1 қаңтарға кірістер 8 789 004,5 млн.теңге немесе жылдық жоспарға сәйкес 101,6% түсті, 137 261,9 млн. теңгеге артық орындалды. Республикалық бюджетке түсетін салық түсімдері жылдық жоспарда 5 592 394,4 млн.теңге болған кезде 5 694 904,4 млн. теңгені немесе 101,8% құрады.

Кесте 1. 2021-2022 жылғы Қазақстан Республикасының бюджет кірістері

	2021	2022	Өсімі (%)
Барлығы	8438,2	8,66,4	4,6
Салықтық түсімдер	5536,1	4282,0	29,3
Қосылған құнға салықтар	1461,1	1177,0	24
Корпоративтік салықтар	1340,3	988,7	35,6
Жеке табыс салығы	641,3	548,3	17
Әлеуметтік табыс салығы	467,4	418,2	11,8
Акциздер	254,4	240	6
Салықтық емес	197,5	147,8	33,7
Негізгі сатылым капиталынан	98,9	38,7	155,5
Аударымнан	2605,8	3598	-27,6
Ескерту: дереккөз негізінде автормен құрастырылған.			

Кестеде көріп отырғандай, бюджетке түскен салықтар мен түсімдер жалпы көлемінің небәрі 2,3%-ын немесе 197,5 млрд теңгені құрады, бұл бір жыл бұрынғыдан 33,7%-ға артық. Негізгі капиталды сатудан түскен түсім 98,9 млрд теңгені құрап, 2,6 есеге өсті.

Ағымдағы жылдағы трансферттердің қорға түсуі алдыңғы жылғы көрсеткіштерден 27,6-ға аз, 2,6 трлн және кіріс құрылымының 30,9%-ын құраған. 2022 жылға арналған бюджетке 10,7 трлн теңге салық қоры түскен. Жоспар 103,6% пайызға толық орындалды. Алдыңғы жылмен салыстырғанда көрсеткіштер 25,3%-ға немесе 2163,1 млрд теңгеге жоғары. Соның себебінен республикалық бюджетті толықтыру жоспары 102,1% құрады.

Жоспар 6913,8 млрд теңге. Осы жоспар 144,1 млрд теңгеге артығымен орындалып 7 057,9 млрд теңгені құрады. Алдыңғы жылмен салыстырғанда 26,6% немесе 1 482,1 млрд теңге артық; ал жергілікті бюджет 106,8 пайызға орындалды.

Жоспар 3 433,1 млрд теңге болса, 233,3 млрд теңгеге яғни жоспардан артық орындалып 3 666,4 млрд теңге түсті. Алдыңғы жылмен салыстырғанда өсім 22,8% немесе 681 млрд теңгеге жетті [4].

Президент жолдауында айтылып өткендей «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» тұжырымдамасы негізінде жаңарған экономиканың салық-бюджеттік саясатын жүзеге асыру негізгі міндеттердің ең алғашқы кезегінде болуы керек. Бәріміз білетін 2020 жылы ұлттық экономика көрсеткіштері коронавирус әсерінен айтулы мәселелерге тап болды. Барлық әлем елдері күрделі жағдайларға тап болды. Шектеу шараларының жаппай енгізілуі әлемдік экономикада сұраныс және ұсыныс көрсеткіштеріне екі есе әсер етті. Әлемдегі жалпы ішкі өнім деңгейі 4,3%-ға, сауда 9%-ға, тікелей шетелдік инвестициалар 42%-ға қысқарды. Бұл жағдайда Үкіметтің дағдарысқа қарсы уақытылы және ауқымды шараларының арқасында елдің экономикасының төмендеуін алдын алу көрсеткіші 2,6%-ды көрсетті [2].

Қазақстан Республикасындағы салық саясаты 2020 жылға жақын жалпыға бірдей декларация қабылдау барысында бизнестің көлеңкелігін азайтуға шақыру және ауыл шаруышылығы емес сектордағы салық мөлшері базасын кеңейтуге, ағымдағы салықтық жеңілдіктерді оңтайландыруға күш салуда. Бұл арнаулы салық режимдерін енгізуге бағытталған. Қазақстанның бұл саладағы басты мәселесі бюджетті жұмсаудың төменгі тиімділік көрсеткіштері. Бұл мемлекеттік басқару мен жоспарлау процестеріне кедергі келтіреді. Әр жылы Қазақстан Республикасының Есеп комитеті пайдаланылмаған қаражаттың есебін жариялайды. Аталған қаржының көліме жеткілікті болғанына қарамастан көп маңызды салаларда қаржы жеткіліктісіздігі туындап отыр. Аталған мәселені шешудің бірден-бір жолы-мемлекеттік бюджетті орталықсаздындыру және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілеттерін арттыру.

2020 жылдың басынан бастап орта және шағын бизнес субъектілерін корпоративтік табыс салығы бойынша аударымдары жергілікті бюджетке есепке алынады. Республикалық бюджетке ірі өнеркәсіптер төлейтін корпоративтік табыс салығы ғана аударылады. Аталған реформа жергілікті бюджет кірісін ұлғайтатады. Сонымен қатар салық салу базасын кеңейтуге ынталандыру тиіс деп күтілуде. Бұл реформа өңірлердің шағын және орта бизнес субъектілерінен түсетін корпоративтік табыс салығын өздерінің басым шығындарын өтеуге пайдалана алады.

Қорытынды. Салық ұғымның мәнін түсінудің күрделілігі салықтың экономикалық, құқықтық нақты құбылыс болуында. Салық жүйесі мемлекет пайда болған кезден бастап енгізілуі қажет маңызды механизм болып табылады. Басқару нысандары мен әрекеттерінің дамуы мен өзгеруі әрқашан салық жүйесінің трансформациясымен бірге жүреді. Салық төлеушілердің әлеуметтік жағдайы, төлем қабілеттілігі көп жағдайда ескерілмейді. Біртұтас алғанда елімізде салық саясатын әлеуметтендіруді күшейтуге арналған салық құралдарының жиынтығы қажетті деңгейде ұсынылаған және әлеуметтік салықтық жеңілдіктерді енгізуде озық шетелдік тәжірибелерді мысалға ала отырып, қолданыстағы тетіктерді жетілдіруді қажет етеді.

Қазіргі таңда әлемнің барлық елдері жаһандық қаржылық-экономикалық дағдарыстың себебінен туындаған мәселелерге үлкен мән беруде. Осы дағдарыстың зиянын әлсірету үшін көптеген мемлекеттер салық жүйесіне өзгерістер енгізді. Дамудың қазіргі деңгейінде жаңа Салық кодексінің енгізілуімен Қазақстанның салық жүйесі дағдарыстың соққыларының әсерін барынша жұмсартып, әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды құрамдас бөлігіне айналуға. Қазіргі таңдағы кейбір салықтардың мөлшерін азайту қиын кезеңді бастан өткеріп

жатырған халықтың экономикалық ахуалына сәл де болса жақсы ықпал етеді. Осы тұрғыда біздің атқаратын басты рөліміз-аталған қызметтерді жүзеге асыру.

Пайданылған әдебиеттер:

1. Салықтар және салық салу оқулық/. Ермакбаева. А. Нурумов, А. Бекболсынова, Б. Ермакбаева, М.Арзаева, 2019. – 9 б.

2. ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты// Егемен Қазақстан, 2017 3. ҚР қаржы министрлігі <http://www.minfin.kz> 25 ҚР Ұлттық банк <http://www.nationalbank.kz>

4. Официальный сайт Счетного комитета об исполнении республиканского бюджета <http://www.esep.kz/rus/content/view/full/698>

5. Официальный сайт Счётного комитета по исполнению республиканского бюджета Республики Казахстан // www.esep.kz.

УДК 33. 338.

ЖАСАНДЫ ЖЕРСЕРІГІ (СПУТНИК) & ОНЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫНА ӘСЕРІ

Қасиет Құштар

gulnaz.kazmukhambet@gmail.com

Л. Н. Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университеті

XVIII ғасырдағы өнеркәсіптік төңкерісі ,XIX~XX ғасырдың ортасына дейінгі ғылым мен технологиялық төңкеріс, және XX ғасырдың екінші жартысынан қазірге дейінгі ақпараттық төңкеріс .осының барлығында болып жатқан ғылым мен технологияның зор дамуы адамзат қоғамына үлкен пайдалылық ала келді.ғылыми технологиялық прогрестен болған ұлы инновациялардың бірі – жасанды жерсерігінің ойлап табылауы.ендеше оның экономикаға,әсіресе ауылшаруашылығына қандай тың серпіліс ала келгеніне тоқталсақ.

Тарихқа назар аударсақ , ең алғашқы жерсерігі (спутник) 1957 жылы ғарышқа ұшырылды. Ал 1970 жылдары жерсеріктері ауыл шаруашылығында қолданыла бастады , яғни сол кезде егіншілерге егістік жерлердегі өсімдіктердің жағдайын білуге мүмкіндік беру үшін , ғалымдар өсімдіктің NDVI индексін есептеді. алайда, сщл уақыттарда NDVI индексін толық пайдалануға әді де жарамсыз еді, себебі: кескіндемеде 50 м шамасында ауытқушылық бар болды, және бұлтты күндері NDVI индексін есептеуге мүмкіндік жоқ болды.

2015 жылы, кеңістікте ажырату мөлшері 10 м болатын жаңа жерсерігінің жарыққа шықты,бұл жасанды жерсерігінің ауылшаруашылығындағы қолданысына жаңа дәуір әкелді..біріншіден, бұл егістік алқабының әр жерінде болып жатқан жағдайларды түсінуге шынымен де зор мүмкіндік берді. екіншіден, смартфондар мен дикандарға арналған смартфондық қосымшалардың пайда болуы, сол технологияның қолжетімділігін арттырды: кез келген шаруалар өздерінің егістігіндегі NDVI индексін бақылай алатын болды. Ал оның кемшілігі: бұлтты күндерінде суреттер нашар болып қалады,оны шешетін әдіс әлі де табылған жоқ.

Жер орбитасында әртүрлі тапсырмаларды орындайтын жүздеген жер серіктері бар және олардың жұмыс нәтижелері ғылыми зерттеулер үшін маңызды дереккөз болып табылады соның ішінде ,жерсерігі ауыл шаруашылығына да үлкен пайдалылық әкеліп жатыр

Жерсерігінің мониторингі жерді пайдалы басқарып өңдеуге, дақылдардың жағдайын